

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 35 шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 23 тамыздағы № 47 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 23.08.2024 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7 ) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясы басшысы 2024 жылғы 5 шілдедегі №08-02-07/315 ұсынысы негізінде ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫМ:

1. Сарыағаш ауданы Ақжар ауылдық округі, Бағыс елді-мекені Егемендік көшесі №13 мекен жайдағы үйде тұратын О.Буленовтың 1 (бір) бас ірі қара малынан "бруцеллез" ауруы пайда болуына байланысты Буленов Оразбайдың жеке мал қорасына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*С.Спагаев*